

М. С. Смаханов, қылмыстық процесс кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы Қарағанды қ.)

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС ЗАҢНАМАСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУ КЕЗІНДЕ СОТҚА ДЕЙІНГІ ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Автор мақалада Қазақстан Республикасы ҚПК заңнамасында қарама-қайшылықтарды ескере отырып, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру, алдын ала тергеу және анықтау бір бірінен айырмашылықтары болмағандықтан, Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасына сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің процессуалдық тәртібін толығымен жеңілдету үшін, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қарастырады.

Түйін сөздер: сот жүйесі, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру, тергеу нысаны.

Қылмыспен күрестің табысы болып, әрбір тұлға қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылып және болған қылмыс толығымен тез арада ашылуы болып табылады. Әрбір қылмыстық іс бойынша, тергеушінің дәлелдемелер субъектісі ішінде дұрыс шешімі, негізінен үкім заңдылығын және әділдігін анықтайды. Соттың процессуалдық дербестігі және тәуелсіздігі болуы, оған прокурормен жолдаған қылмыстық істің материалдарына сүйене отырып өзінің бағасын береді. Бірінші кезекте тергеуші қылмыстың құрамын және қылмыс оқиғасын болуын анықтайды. Сонымен қатар, қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғаның кінәсін дәлелдейді, құқық бұзушылыққа заңдық баға беріп, қылмыс бойынша келтірілген материалдық зала мөлшерін анықтайды.

Мемлекетпен өткізілген құқықтық реформаның бағыты, ол заңнаманы жетілдіруге және қылмыстық сот төрелігі саласындағы, атап айтқанда, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, кепілдіктерін күшейту негізінде ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің басымдықтарының бірінің бағыты болып, мемлекеттік мекемелердің жұмысын жетілдіру болып табылады. Оның ішінде Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауында мемлекет дамуының құқықтық реформаның негізгі бағыттары көрсетілген.

Сот жүйесі тәжірибеде дауларды тез арада шешіп, ашық және қолжетімді болуы тиіс. Бүкіл құқық қорғау жүйенің жұмысының сапасын арттыру қажет [i].

2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясат тұжырымдамасы, сотқа дейінгі және соттың ісін жеделдету және жеңілдету үшін, одан әрі қылмыстық процесс заңнамасын толығымен жетілдіру мақсатында, сот сатылары мен қылмыстық процестің басымдықтарын, сот төрелігін тиісті кезендеріне қорғаушыларға және азаматтарға қол жеткізуін қамтамасыз ету механизмі қылмыстық процестің басты бағыттары болып табылады [ii].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық және қылмыстық процестік кодекстерінің қабылдауына байланысты, әлеуметтік-саяси және құқықтық жүйесін өзгерту, мемлекеттік құқықтық қағидаларды, демократиялық заң үстемдігін жариялау бойынша, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағыты сот төрелігінде өзгерген болатын.

Жеңілдету немесе жеделдету: ол шындықты және әділдікті орнықтыру жылдам құралы болып табылады. Осылайша, қылмыстық істерді дұрыс тергемеуді жою мақсаты.

Бұл, сондай-ақ белгілі қоғамдық аксиома қылмыстық процестің есебіне сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасы ҚПК 8-бабына сәйкес — қылмыстық құқық

бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттері болып табылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасына сай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру: анықтау, алдын ала тергеу нысанында және хаттамалық нысанда жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеу органдарының жүктемесін азайту үшін, Қазақстан Республикасы ҚПК 190-бабына сай, хаттамалық нысанын қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жеделдетілген тәртіппен аяқталуы мүмкін.

Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша, егер жиналған дәлелдемелермен қылмыс фактісі мен оны жасаған адам, оның өз кінәсін толық мойындағаны, келтірілген залал (зиян) мөлшерімен (сомасымен) келіскені анықталса, бұл жөнінде күдіктіні хабардар ете отырып және оған бұл шешімнің құқықтық салдарын түсіндіре отырып, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тергеу он бес тәулік ішінде аяқталуға тиіс. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтайды және күдіктінің оны жасауға қатысқанын растайтын дәлелдемелерді жинайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тек нәтижелері қылмыстық құқық бұзушылық іздерін және күдікті, айыпталушы кінәсінің өзге де дәлелдемелерін ресімдейтін тергеу әрекеттерін және өзге де процестік әрекеттерді ғана жүргізуге құқылы. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру:

- олардың ішінде біреуі болса да аса ауыр болып табылған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығына қатысты;

- сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдарға қатысты;

- қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты;

- қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың біреуі болса да өз кінәсін мойындамаған жағдайда;

- кәмелетке толмағандар немесе дене бітімінің немесе психикасының кемістіктеріне байланысты өзінің қорғалу құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қолданылмайды.

Прокурор сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін айыптау актісімен бірге қылмыстық істі ала отырып, ол бойынша үш тәуліктен кешіктірмей мына әрекеттердің бірін жүргізеді:

1) айыптау актісін бекітеді және қылмыстық істі сотқа жібереді;

2) істі анықтау не алдын ала тергеу жүргізу үшін жібереді;

3) жекелеген күдіктілерге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы шығарады.

Алайда, сот тергеу практикасына сүйене отыра, қазіргі таңдағы сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру, Қазақстан Республикасы ҚПК 1997 жылғы шыққан кодекске сәйкес неғұрлым күрделірек нысанда болып табылады. Сонымен қатар, 1997 жылғы Қазақстан Республикасы ҚПК жеңілдетілген іс жүргізу шеңберінде тергеу құжаттары ең аз мөлшерін талап етсе, ал қазіргі таңда сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру тәртібіне сай, алдын ала тергеу нысандарымен және анықтаумен еш айырмашылығы жоқ болып, Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің барлық талаптарын қажет етеді.

2015 жылы Қазақстан Республикасы ПО-мен тергеліп, прокурормен айыптау актісін бекітіп сотқа жолданғандар 95 452 қылмыстық іс, оның ішінде сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру — 30 023 немесе 31,5 % іс, онда 2014 жылы жеңілдетілген сотқа дейінгі өндіріс бойынша тергелген істер 40 % іс (31 860) [iii].

Қазақстан Республикасы ҚПК 190-б 4-5-б сай, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтайды және күдіктінің оны жасауға қатысқанын растайтын дәлелдемелерді жинайды.

Сол себептен, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тек нәтижелері қылмыстық құқық бұзушылық іздерін және күдікті, айыпталушы кінәсінің өзге де дәлелдемелерін ресімдейтін тергеу әрекеттерін және өзге де процесік әрекеттерді ғана жүргізуге құқылы.

Алайда, Қазақстан Республикасы ҚПК 24-бабы (істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу) және Қазақстан Республикасы ҚПК 113-бабы (қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар) қарама-қайшы болып келеді.

Осы себептерден прокурорлар Қазақстан Республикасы ҚПК 24-баптың талаптарын талап етіп, көбінесе сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру нысанында аяқталған қылмыстық істер қайта алдын ала тергеуге немесе анықтауға жолданады.

Осылайша, заңнамалық қарама-қайшылықтарды ескере отырып, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру, алдын ала тергеу және анықтау бір бірінен айырмашылықтары болмағандықтан, Қазақстан Республикасының қылмыстық процесік заңнамасына сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің процесуалдық тәртібін толығымен жеңілдету үшін өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- i. Қазақстан Республикасының Президентінің Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 17.01.2014 ж. // www.akorda.kz
- ii. Қазақстан Республикасының құқықтық концепциясы 2020 ж дейін. № 858 24.08. 2009 ж. // online.zakon.kz
- iii. ҚР Бас прокурорының статистикалық есебі // prokuror.gov.kz

Резюме

В данной статье, автор рассматривает некоторые вопросы применения уголовно-процессуального законодательства при расследовании уголовных дел в порядке ускоренного досудебного производства.

Resume

In this article the author considers some issues of application of the criminal procedural law in criminal matters by way of an accelerated pre-trial proceedings.